

**Қаракемер мектеп-балабақшасы бойынша 2023-2024 оқу жылындағы
“Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының” бағдарламасы
аясында жүргізілген жұмыстары**

“Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты” КеАқ Ғылыми әдістемелік Кеңестің 2023 жылғы 15 тамыздағы №4 хаттамасына сәйкес мектептің ата аналар қауымдастығымен өзара іс қимылын нығайту мақсатында Қаракемер мектеп - балабақшасында “ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы” құрылды. Орталыққа арнайы қонақтар шақырылып кабинеттің ашылу салтанты өткізілді.

Қаракемер мектеп балабақшасында 2023 жылғы 1-қыркүйектен бастап Ақтөбе облысының барлық білім беру ұйымдарында ҚР білім министрлігінің 2023жылғы 19 қыркүйектегі №294 бұйрығымен және облыстық басқармасының бекітуімен енгізілген “Біртұтас тәрбие бағдарламасы” және “Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының бағдарламасы” жалпы ата-аналар жиналыстары өткізіліп, түсіндіріліп таныстырылды.

2023-2024 оқу жылында құрылған “Ата-аналарды педагогикалық қолдау” бағдарламасы аясында жоспарға сай ата-аналарға арналған сабақтар өткізіліп келеді.

Ата-аналарға баланың қоғаммен байланыса отырып, өмірде өз орнын таба білуге, мотивациялар беріліп, әр түрлі форматтарда сабақтар ұйымдастырылып өткізіліп келді.

Жауапты педагогтерге арнайы жоспары құрылып, апта сайын әр сәрсенбі күнге қойылып өткізіліп келеді.

“Ата-аналарды пелагогикалық қолдай” орталығы ретінде мектептің арнайы бір кабинеті жабдықталып, ашылу салтанаты өткізілді.

Ашылу салтанатына ауылдың үлкен қариялары мен зейнеткер ұстаздары, мекеме өкілдері шақырылып, бағдарламамен таныс болды.

Шақырылған қонақтар: бағдарламаның ата-ана мен балалар арасындағы байланысының күшейуіне, ұлттық құндылықтарымызды дәріптей білуге үлкен қажеттілігі бар екенін айтып, алдағы атқарылатын жұмыстарға сәттілік тілеп, баталарын берді.



<https://www.instagram.com/p/C0TPFuyIRwt/?igsh=MWFjb2kydzJ5NDF1aA==>

Жоспарды іске асыру барысында: “Отбасы бақыт бесігі”, “Білімдіге дүние жарық”, “Әрбір бала жарық жұлдыз”, “Баланың бас ұстазы ата ана”, “Ақыл айтпа, жол көрсет”, “Балаға үйрету: ақылыңды мейіріміңе орап бер”, “Бұлақ көрсең көзін аш” тақырыптарында бастауыш және орта сыныптың атааналарына сабақтар өткізілді.

Сабаққа қатысқан ата-аналар өздерінің көкейлеріндегі сұрақтарды қойып, өз ойларымен бөлісіп, мотивация алып, жақсы көңіл күймен сабақтарды аяқтап қайтады.



<https://www.instagram.com/p/C0bcJAeouyM/?igsh=MWkxbDZtazV6bW4yag==>



<https://www.instagram.com/p/C1oLAsmIWX-/?igsh=MnV2N3p6bHh2MGRj>

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:  Г.К.Доскалиева